

Хаттамасы №1

Уақыты: 9.09.2022жыл.

Қатынасқан: 24 педагог.

Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру.

Түрі: Дөңгелек үстел.

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:

- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг, вариативтік компонент бағдарламалары;
- портфолио жинақтау;

2. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту.

3. Өзара ұйымдастырылған іс – әрекеттеріне қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуіне жағдай жасау.

4. Кіші топтарда балалардың бақшаға бейімделуі.

5. Бөбекжайда өтетін мерекелік шараларды ұйымдастыру, өткізу.

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары: перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг, вариативтік компонент бағдарламалары, портфолио жинақтау. Әдіскер Аяшова Ж.А. Алдымен педагогтарды 2022 – 2023 оқу жылына арналған нұсқаулық хатпен таныстырып өтті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі Модель) бекітілді. Осы аталған Моделдің басты міндеттерінің бірі инклюзивті білім беруді қоса алғанда, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау. Сондай-ақ Модельдің 21-тармағында оны іске асыру мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласында ғылыми зерттеулер жүргізіп, білім беру қызметтерінің сапасын, даму жағдайларын жақсарту және арттыру бойынша ұсынымдар әзірленгеннен кейін ілеспе нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді көздейтіні нақты міндет ретінде айқындалған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;

- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік,

эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүйе, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);

2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);

3) сөйлеуді дамыту;

4) көркем әдебиет;

5) сауат ашу негіздері;

6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);

7) сенсорика;

8) математика негіздері;

9) құрастыру;

10) қоршаған ортамен таныстыру;

11) сурет салу;

12) мүсіндеу;

13) жапсыру;

14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

2. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту. 2022 – 2023 оқу жылына арналып әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары құрылды.

Р/с	Шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Әдістемелік отырыс	Ай сайын	Әдіскер
2	Нормативтік-құқықтық және	Жыл бойы	Әдіскер

	әдістемелік ақпарат қорын жинақтау		
3	МЖМБС талабы бойынша балабақшаның күн тәртібін құру	Тамыз	Әдіскер
	2022-2023 оқу жылына базалық оқу жоспарын, ҰІӨ-нің кестесін шығару.		Әдіскер
4	Педагогикалық кеңестерге әдістемелік материалдар даярлау.	Кестеге сай	Шығ. топ мүш
5	2022-23 жылға тәрбиеші – мамандардың өз кәсіби біліктіліктерін көтеруге арналған басылымдарға жазылуын қамту.	Қараша	Профсоюз төрайымы
6	Әдіскер бұрышын толтыру, жаңартып отыру	Оқу жылы барысында	Әдіскер
7	Аттестаттау бұрышын толтыру, жаңартып отыру	Оқу жылы барысында	Психолог
8	Оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау мен жүргізу барысы бойынша тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсету.	Оқу жылы барысында	Әдіскер
9	Кітапхана қорын, оқу құралдары, көрнекіліктерді толтыру.	Оқу жылы барысында	Меңгеруші , әдіскер
10	Балалардың сурет көрмесін ұйымдастыру	Оқу жылы барысында	Меңгеруші, әдіскер
11	Әдістемелік жаңалықтармен танысу.	Оқу жылы барысында	әдіскер
12	Тәрбиеші – мамандардың құжаттарын тексеру.	Жылына 2 рет	Меңгеруші, әдіскер
12	Жыл үздік шаралар жинағын кәсіби басылымдарға жіберу	Реттілігімен	Меңгеруші, Әдіскер, топ жетек.
13	Балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастырып, дәлізге ілу	Мерекелік тақырыпқа байланысты	Топ жетек.
14	Байқау –сайыстар: • Педагогикалық оқуларға қатысушыларды дайындау	Оқу жылы барысында	Шығармашылық топ әдіскер
15	Жылдық қорытындылары бойынша білім салалары бойынша мониторинг жасау.	мамыр	Әдіскер
16	Жазғы тәрбие жұмысын ұйымдастыру	Мамыр-тамыз	Әдіскер

Әдіскер жоспармен таныстырып бекіту ұсынылды. Педагогтар жоспар жөнінде пікірлерін ортаға салды. Жоспар бірауыздан бекітуге ұсынылды.

3. Өзара ұйымдастырылған іс – әрекеттеріне қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуіне жағдай жасау мақсатында барлық педагогтарға ұсыныстар айтылды. Әсіресе жас мамандар тәжірибелі педагогтардың іс – әрекеттеріне қатынасып, түсінбей жүрген жерлеріңіз болса сұрап, үйрену керектігі ескертілді. Осы орайда әдіскер жас мамандар жетекшісіне әр жас маманға ұйымдастырылған іс – әрекеттерге барып қатынасуға, көруге қолайлы жағдай жасау керектігі ескертіліп айтылды. Бір бірінен тәжірибе алмасу мақсатында жасап жатқан жұмыстарымызды бір бірімізге көрсетіп отыру керек.

4. Кіші топтарда балалардың бақшаға бейімделуі. Психолог Тлепбергенова А.С.
Мақсаты: Бейімделу парағын толтыру, бейімделу деңгейлерін анықтау.

Тобы: I кіші «Құлыншақ»

Тәрбиешілері: Изгалиева Мейрамгүл, Мұстахимова Гауһар

Бейімделуден өткен бала саны: 20

Бейімделу деңгейлері: жеңіл, орташа, ауыр.

Жеңіл бейімделген бала саны: 6

Орташа бейімделген бала саны: 12

Ауыр бейімделген бала саны: 2

Балалар балабақшаға 04.07.2022 жылдан бастап келді, топ психологтың нұсқауы бойынша жасақталды. Баланы балабақшаға қызықтыратын, көңіл күйін көтеретін бұрыштар дайындалды. Топтың тәрбиешілеріне «Бейімделу кезінде жүргізілетін іс-шаралар» туралы кеңес беріліп, ұсыныстар айтылды. Балаларды балабақшаға қабылдау кезінде ата-аналарға жеке кеңестер беріліп, кезеңдерімен таныстырылды. Бейімделуі ауыр деңгейде болған балалармен жеке түзету-дамыту жұмыстары өткізілді. Кейбір балалармен жеке психолог кабинетіне әкелініп құм, су, ойын терапияларын қолданып жұмыстар жасалды. Жалпы топтың балаларының көңіл-күйлері көтеріңкі, өздерін еркін сезінеді.

5. Бөбекжайда өтетін мерекелік шараларды ұйымдастыру, өткізу. Бөбекжай бақшамызда қыркүйек және қазан айларына көптеген шаралар ұйымдастырылып отыр. Әдіскер айлық жоспармен таныстырып өтті.

2022 – 2023 оқу жылының Қыркүйек айына балабақшаның айлық жұмыс жоспары.

Жоспар бағыты.	Шара тақырыбы.	Түрі.	Жауапты.
I. САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ			
Режимдік сәттер	Барлық топта жас ерекшеліктеріне сай күн тәртібінің орындалуы.		Тәрбиешілер.
	Ертеңгілік жаттығу	Күнде таңертең	Тәрбиешілер
Денешынықтыру сауық-кештері	Ересек топтар, МАД топтарда «Теңізге саяхат»	спорттық жарыс	Дене нұсқаушысы Жұбаниязова Ж.
Медициналық педагогикалық бақылау	1. Мектепке дейінгі ұйымдарда топтардың жұмысын ұйымдастыруды бақылау. 2. «Баланың балабақшаға бейімделуі»		Медбике, Психолог.
II. КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС			
Біліктілікті арттыру.	Қазақстан Республикасында білім және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында		Меңгеруші.

	мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жүйесі мазмұнын жаңарту.		
Жас мамандармен жұмыс	№1 жас мамандар отырысы.		Жас мамандар жетекшісі.
	Жас мамандарға кеңес беру.		
«Тәлімгер мектебі» жұмысы			
III.БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ			
Ертеңгіліктер, сауық - кештер.	Білім күні «Менің Отаным – Қазақстан»	Тақырыптық іс – әрекет	Топ тәрбиешілері
	22-ші қыркүйек Қ.Р-сы Халықтарының Тілдер күні «Тіл құдыреті»		
Әдістемелік жұмыстар	№ 1 әдістемелік кеңес отырысы.		Әдіскер Аяшова Ж.А.
Тәрбиешілерге арналған кеңестер	«Перспективалық жоспар және циклограмма жазу тәртібі».	Кеңес	
IV. ӘЛЕУМЕТПЕН ЖҰМЫС			
Ата-аналармен жұмыс	Балабақшаға жаңадан қабылданған балалардың ата-аналарымен келісім шарт құру. Жалпы ата – аналар жиналысы.		Меңгеруші Урынтаева Р.Ж. тәрбиешілер.
Мектеппен сабақтастық	«Балабақша мен мектептің бірлескен жұмыс жоспарын талқылау және бекіту»	Мектепаралық байланыс туралы ортақ отырыс	Меңгеруші Урынтаева Р.Ж.
	«Мектептегі оқуға эмоционалды-қайратты дайындық»	Кеңес	Психолог.
«Өрт қауіпсіздігі» жөніндегі атқарылатын іс-шаралар	Инструктаж: Өрт қауіпсіздігін алдын алу	жиналыс	Меңгеруші,шаруашылық жөніндегі орынбасары
Терроризмге қарсы қорғалуының іс-шаралары	Балабақша қызметкерлері мен тәрбиеленушілері қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмысшы комиссиясын құру Төтенше жағдайларда, террористік акт қаупі төнген жағдайдағы қызметкерлердің әрекетін талқылау		Меңгеруші, әдіскерлер, медбике
V.БАҚЫЛАУ МЕН БАСШЫЛЫҚ			
Бақылау мен басшылық	Күн тәртібінде шынықтыру шараларын өткізу	Жедел бақылау	Әдіскер, медбике
	Санитарлық- эпидемиялық режимнің орындалуын		Меңгеруші медбике
	«Ертеңгілік жаттығу және оны өткізу әдістемесі»		Әдіскер
	Топтардағы балалардың балабақшаға қатысы, денсаулық жайы	Кешенді бақылау	Меңгеруші медбике

№ 1 Өндірістік жиналыс			Бақша әкімшілігі
№1 Әкімшілік жиналыс			Меңгеруші Урынтаева Р.Ж, әдіскер Аяшова Ж.А

2022 – 2023 оқу жылының Қазан айына балабақшаның айлық жұмыс жоспары.

Жоспар бағыты.	Шара тақырыбы.	Түрі.	Жауапты.
I. САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ			
Режимдік сәттер	Серуен (таза ауада көп болу)		Тәрбиешілер
	Күндізгі ұйқы бақылау.		Тәрбиешілер
Денешынық тыру сауық-кештері	«Көңілді цирк»	Шынықтыру жаттығулары ортаңғы топ	Дене нұсқаушысы Жұбаниязова Ж.
Медициналық педагогикалық бақылау	Күн тәртібінің ережеге сай сақталуын қадағалау		Медбике
	Таңғы жаттығудың өтуін қадағалау		Медбике
II. КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС			
Біліктілікті арттыру.	«Рухани жаңғыру» ұлттық идеясын іске асыруда балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.		Меңгеруші.
Жас мамандармен жұмыс	№2 жас мамандар отырысы. 1. «Жас маманның кәсіби қиыншылықтарды жеңу жолдары» психолог кеңесі 2. «Жас мамандармен танысу» психологиялық тренинг		Жас мамандар жетекшісі. Психолог
«Тәлімгер мектебі» жұмысы	Тәлімгерлермен бірге күн тәртібі бойынша серуенге, балаларды қабылдауға, күннің екінші жартысында болатын шараларға қатысу		Әдіскер Тәлімгерлер
III. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ			
Ертеңгіліктер, сауық-кештер	«Күзгі жәрмеңке»	Көрме. Ата – аналармен бірлескен жұмыс	Тәрбиешілер. Саз жетекшісі.
	«Қарттар күні» «Ұстазға тағзым!»	Тақырыптық ұйымдастырылған іс – әрекет	
	«Күзгі ғажайыптар»	Ертеңгілік	
	«Тәуелсіз Республикаменің»	Ертеңгілік	
Байқаулар: педагогикалық шеберлік	«Мен табиғаттың жанашырымын»	Экологиялық конкурс	музыка жетекшілері, барлық педагогтар
Семинарлар, семинар-практикум	Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру жолдары	Семинар	Әдіскер

	«Амандасып алайық» ойыны	Психологиялық көңіл-күй жаттығуы	Педагог-психолог
	Бөбекжай педагогтарының өздігінен білім алу нысаны ретінде біліктілікті үздіксіз арттыру жүйесі	Баяндама	Әдіскер.
	Жаңа технологиялар негізінде балалардың сөйлеу белсенділігін арттыру	Баяндама презентация	Туркестанова Ә.Қ.
	Мнемошаршы, мнемотөсеніш, ертегі медитация.	Практикалық жұмыс	Барлық педагогтар
Тәрбиешілерге арналған кеңестер	«Затық кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыру талаптары»	Кеңес	Әдіскер Аяшова Ж.А.
IV. ӨЛЕУМЕТПЕН ЖҰМЫС			
Мектеппен сабақтастық	Мектептегі 1-сынып; Дене шынықтыру залы;	МАД топ балаларының бейімделу жағдайына экскурсия ұйымдастыру	МАД тәрбиешілері
«Өрт қауіпсіздігі»	«Өрт -тілсіз жау»	Тақырыптық іс-әрекет	Ересек топ тәрбиешілері
Жол қауіпсіздік ережелері.	Топтарда жол белгілеріне байланысты дамытушы ортаны ұйымдастыру.		Топ тәрбиешілері
V. БАҚЫЛАУ МЕН БАСШЫЛЫҚ			
Бақылау.	Заттық-кеңістікті құру арқылы мектепке жасына дейінгі балалардың сөйлеу ортасын ұйымдастыру	Тақырыптық бақылау	Әдіскер
	Ересек топтың жай-күйін	Кешенді бақылау	Меңгеруші, әдіскер медбике
№2 Әкімшілік жиналыс			Меңгеруші Урынтаева Р.Ж.,

Шешім

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттары бекітілсін.
2. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Өзара ұйымдастырылған іс – әрекеттеріне қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуіне жағдай жасалсын, оны қадағалау әдіскерге жүктелсін.
4. Бөбекжайда өтетін шаралардың айлық жоспары бекітілсін. Осы жұмыстардың уақытылы өтуін қадағалау әдіскерге жүктелсін.

Төрайымы:
Хатшы:



Аяшова Ж.А.
Ерболова Н.Е.

Хаттамасы № 2

Уақыты: 7.11.2022жыл.

Қатынасқан: 20 педагог.

Тақырыбы: «Білім беру процесін жоспарлау барысында әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану»

Өткізу түрі: Нұсқаулық-әдістемелік кеңес.

Күн тәртібінде:

1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. Әдіскер.
2. Бақшада өтетін сайыстар туралы ережелерді қарастыру. Шығармашылық топ.
3. Түрлі жас топтарында білім беру процесін жоспарлау. Әдіскер.
4. Ағымдағы мәселелер.

1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. Әдіскер.

Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттары, әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары бекітіліп. Сол бағытпен тәрбиешілер жұмыс жасап жатыр. Өзара ұйымдастырылған іс – әрекеттеріне қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуіне орай жоспарлар құрылып, жұмыстар жасалып жатыр.

2. Бақшада өтетін сайыстар туралы ережелерді қарастыру. Шығармашылық топ жетекшісі Садықова Г.Ұ.

Қараша және желтоқсан айларына бірнеше сайыстар жоспарланып отыр. Мысалы мад және ересек топтар арасында «Ұранды елдің қайсар ұлдары» эстафеталық жарыс, «Көңілді қыс» сурет көрмесі, «Менің елім» патриоттық әндер сайысы жоспарланып отыр. Сайыстар ережесі әртүрлі. Спорттық сайыстың мақсаты балаларды шапшаң қимылдай білуге, епті болуға, терең ойлай білуге тәрбиелеу. Дене нұсқаушысы осы шараны өткізеді және шартымен балаларды таныстырады. Желтоқсан айына жоспарланған сайыстар сурет көрмесі ортаңғы және ересек топтар арасында өтеді. Тақырыбы «Көңілді қыс» және ересек, мад топтар арасында өтетін «Менің елім» атты патриоттық әндер сайысы болады. Ол саз жетекшісінің жоспары бойынша жүреді. Сайыс екі номинация бойынша болады. Хор және жеке орындау. Сайыстардың қорытындысын шығармашылық топ бірлесе отырып шығарады.

3. Түрлі жас топтарында білім беру процесін жоспарлау.

Әдіскер. Педагогтерден түрлі жас топтарымен жұмыс істей білу ерекшелігі және бағдарламалық талаптарды балалардың жеке ерекшеліктерімен сәйкестендіре білу талап етілетіндіктен, бұл топтарда оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру күрделі болып келеді. Түрлі жас топтары – бұл баланың әлеуметтік қарым-қатынас мүмкіндіктерінің алуан түрлілігін қамтитын, жасанды түрде бөлінбейтін толыққанды балалар қауымдастығы. Балабақшадағы түрлі жас топтарында білім беру процесін ұйымдастыру баланың жас және жеке ерекшеліктерін, қарым-қатынас стилін, білім беру мазмұнын таңдауда саралау тәсілін ескере отырып, құрылады. Түрлі жас топтары мектепке дейінгі ұйымның құрамдас бөлігі, білім

беру процесінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын айқындайтын, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның мазмұнына, балалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейтін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа алады. Мақсаты: педагогтерге мектепке дейінгі ұйымның түрлі жас топтарында білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсету. Міндеттері: педагогтерді түрлі жас топтарында балаларды тәрбиелеу мен оқытудың әдістерімен және құралдарымен қамтамасыз ету; түрлі жас топтарында балалардың дамуы үшін қажетті заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруда көмек көрсету; ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша кеңес беру және әдістемелік көмек көрсету. Түрлі жас топтарының қызметін ұйымдастыру. Мектепке дейінгі ұйымның түрлі жас топтарында білім беру процесін жоспарлау мен ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері бар және тәрбиешіден педагогикалық шеберлік мынадай бағыттар бойынша: балалар дамуының мақсатты бағыты ретінде барлық жас топтарының бағдарламалық міндеттерін білуі; бағдарламалық міндеттерді балалардың жас және жеке мүмкіндіктерімен сәйкестендіре білуі; балаларды шағын топтарға тек жастары бойынша ғана емес, басқа да сапалы көрсеткіштері бойынша: жеке мүмкіндіктеріне, жақын даму аймағына, ерекше білім алу қажеттіліктеріне, арнайы қабілеттеріне, бейімділіктеріне қарай бөлуі; педагогикалық бақылауды жүзеге асыру қабілеті, әрбір баланы түсініп, оның қиындықтары мен табыстарын көре білуі; білім беру жағдайларының өзгерісіне жылдам әрекет ету, қалыптасқан жағдайға сәйкес білім беру мазмұнының тиімді түрлерін, әдістерін тандауы талап етіледі.

Шешім

1. Жоспар бойынша белгіленген сайыстар мен байқаулар уақытылы өткізілсін. Оны ұйымдастыру мен өткізу шығармашылық топқа жүктелсін.
2. Балалардың жас топтарына қарай, деңгейіне қарай жұмыстар жоспарланып, жүргізілсін.

Төрайымы:
Хатшы:



Аяшова Ж.А.
Ерболова Н.Е.

Хаттамасы № 3

Уақыты: 10.01.2023жыл.

Қатынасқан: 22 педагог.

Күн тәртібінде:

1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. Әдіскер.
2. Бөбеюжай–бақшадағы ерекше топтың жай–күйі. Психолог Тлепбергенова А.С.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыпудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу. Әдіскер Аяшова Ж.А.
4. Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі. Әдіскер Аяшова Ж.А.

1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. Әдіскер.

Қараша, Желтоқсан айларына жоспарланған сайыстар мен байқаулар уақытылы өткізілді. Шығармашылық топтың ұйымдастыруымен мат және ересек топтар арасында «Ұранды елдің қайсар ұлдары» эстафеталық жарыс, «Көңілді қыс» сурет көрмесі, «Менің елім» патриоттық әндер сайысы өтті.

2. 2022 ж қыркүйек айынан бастап ПМПК қорытындысы бойынша Психикалық дамуы кешеуілдеген «Ақ қоян» тобында 7 бала қабылданды.

Р/с	Балалардың аты -жөні	Туған жылы, айы,күні	ПМПК қорытындысы
1	Бауыржанұлы Мансур	2017.09.11.	Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи I уровня, специфическое развитие речи, обусловленное коммуникативными нарушениями.
2	Ізмағамбет Мұхаммед	2017.12.05.	Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи I-II уровня, дизартрия.
3	Жұмабек Алихан	2018.03.06.	Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи II уровня, дизартрия.
4	Лез Ералы	2018.01.17	Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи II уровня, дизартрия.
5	Аман Жантөре	2017.08.19.	Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи II уровня, дизартрия.
6	Буданов Ибрахим	2018.11.07.	Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи I уровня, моторная алалия.
7	Арманқызы Даяна	2018.04.24.	Задержка –эмоционально-коммуникативного развития.Общее недоразвитие I уровня, специфическое развитие речи, обусловленное коммуникативными нарушениями.

2022-2023 оқу жылының басында ПДК «Ақ қоян» тобына 4 бала қабылданды. Балалар балабақшаға жеңіл деңгейде бейімделуден өтті. Топта өздерін еркін сезініп, қатарластарымен қарым-қатынасқа түсе бастады. Топ тәрбиешілері ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста болды. Тәрбиешілер балаларды өз-өздеріне қызмет етуге, киімдерін

өздері киіп-шешуге, әжетханаға баруға, ойыншықтарды сөреге жинауға, тамақтарын өздері ішуге үйрете бастады. Балалармен психолог, логопед, дефектолог, пән мамандары жұмыс жасады.

Жыл ортасында топқа 3 бала қосылды. Жаңа қосылған балалар балабақшаға бейімделу кезеңінен өтті. Топтағы диагнозы күрделі балалар Бауыржанұлы Мансур, Буданов Ибрахим, Арманқызы Даянамен жеке түзету-дамыту сабақтары жүргізілді. Аталған балалар өз-өздеріне қызмет ете алмайды, өз тілдерінде түсініксіз сөйлейді, сұйық тамақ ішпейді, өз-өзімен еркін жүргісі келеді және бір жерді дөңгелене айнала береді. Үстел үсті тапсырмаларын мүлде орындағысы келмейді, зейіні тұрақсыз. Бір жерде ұзақ отыра алмайды.

Топтағы Ізмағамбет Мұхаммед, Жұмабек Алихан, Лез Ералы, Аман Жантөре балалардың психологиялық даму деңгейі қалыпты, тек сөйлеу тілінде бұзылысы бар. Қазіргі уақытта соңғы аталған балалар оқу қызметі үстінде берілген тапсырмаларды мұқият орындауға, суретке қарап әңгіме құрастыруды, қарындашты ұстап сурет салуды, ермексазбен мүсіндер жасауды, қайшымен қағаз қиюды, ән, тақпақ айтуды үйреніп келеді.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыпудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу. Әдіскер Аяшова Ж.А.

Әдіскер 2022–2023 оқу жылына арналған жаңа мониторингпен педагогтарды таныстырды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінде айқындалған басты міндеттерінің бірі оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгерту болып табылады. Бүгінгі күні аталған Модельді іске асыру мақсатында мазмұнды реттейтін нормативті-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) мазмұны қайта қаралып бекітілді. Осы нормативтік құқықтық актілерді ескере отырып, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары әзірленді. Мониторинг педагогтің балалардың түрлі жас кезеңдерінде Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге жету деңгейлерін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін айқындауға мүмкіндік береді. Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнында айқындалған күтілетін нәтижелерге балалар мен педагогтің жету деңгейін бақылау бойынша мониторинг жүргізудің бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын балалардың игеруін бақылау;
- балаларға жасына сәйкес біліктер мен дағдыларды игерту;
- баламен жүргізілетін жеке жұмыстың мазмұнын айқындау;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау;
- мектепке дейінгі ұйымның ұсынатын қызметінің сапасын арттыру;
- педагогтердің кәсіби шеберліктерін арттыру.

4. Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі. Әдіскер Аяшова Ж.А.

Бүгінгі таңда "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 желтоқсанда № 31490 болып тіркелген заңмен таныстырып өтті. Осы ережені сақтай отырып бүгінде Мұстахимова Гаухар Сәрсенбайқызы папкасын жинақтап отыр. Оның құжаттары қалалық аттестаттау комиссиясына жіберіледі. Педагог – модератор санатын беруді қалалық білім бөлімі шешеді. Жаңа ереже бойынша алдымен папка портфолио тапсырады, сосын папка өткеннен кейін тест тапсыруға мүмкіндік беріледі. Бүгінгі таңда біздің бөбекжай бақшада тек 8 педагогта санат бар. Ол өте аз. Сондықтан сайыстарға қатынасып, балаларды қатынастырып орын алу керек. Марапат көбірек керек. Сондықтан осы бастан үлкен дайындық керек.

Әдіскер:

Хатшы:



Аяшова Ж.А.

Туркестанова Ә.Қ.

Хаттамасы № 4

Уақыты: 2.03.2023жыл.

Қатынасқан: 20 педагог.

Күн тәртібінде:

1. № 3 әдістемелік кеңес шешімінің орындалысы. Әдіскер.
2. Наурыз, Сәуір айына жоспарланған іс – шаралармен таныстыру. Әдіскер.
3. Балалардың тілін дамытуда мнемотехника әдісінің маңызы.

Тәрбиеші Садықова Г.Ұ.

4. Мектепке дейінгі ұйымда танымдық-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы балалардың экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Тәрбиеші Құсайнова С.Қ.

1. №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. Әдіскер. Қаңтар, ақпан айларына жоспарланған іс – шаралар уақытылы өткізілді.

2. Наурыз айына жоспарланған іс – шаралармен таныстыру. Әдіскер. Бөбекжай – бақшаның жоспарына сай көптеген шаралар Наурыз, Сәуір айларына жоспарланып отыр. Мерекелік ертеңгіліктер «Алғыс айту күні», « Анамызға мың алғыс!», «Наурыз – ұлыстың ұлы күні». Онлайн форматындағы сауалнама: «Балабақша және ата-ана», Дүниежүзілік «Денсаулық күні» ойын-сауық, «Айгөлек» балалар шығармашылық фестивалі және «Экологиялық жол» бөбекжай-бақша ауласын көгалдандыру Арт-фестиваль: «Табиғат сыйы» фотоконкурс өту жоспарланып отыр. Сонымен қатар ата – аналармен жұмыс апталығы және ашық ұйымдастырылған іс – әрекеттер өткізу жоспарланды.

3. «Балалардың тілін дамытуда мнемотехника әдісінің маңызы» тақырыбында тәрбиеші Садықова Г.Ұ. слайд арқылы баяндама жасады. «Мектепкі дейінгі бала есте сақтау мен қабылдауы жоғары қабілетімен ерекшеленеді. Мнемотехникалық әдіс балалардың сөз материалын есте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Сонымен қатар дыбыстық және көру қабілеттері де дамиды. Мектепке дейінгілердің жас ерекшеліктеріне қараса, осындай қорытындыға келуге болады, сөйлейтін суреттерді пайдалану әңгіме құрастырғанда, өлең, логоритмикалық жаттауда жеңілдетеді және есте сақтау процесін тездетеді. Есте сақтаумен жұмыс әдістерін қалыптастырады. Есте сақтауды бекітудің ережесінің бірі былай дейді: «Жаттағанда жаз, сызба, диаграммалардың суретін сал, кестелерді сыз». Сөйлейтін суреттер, сипаттау сызбалары қызығушылық тудырады және проблеманы шешуге көмектеседі. Мектепкі дейінгі бала есте сақтау мен қабылдауы жоғары қабілетімен ерекшеленеді. Мнемотехникалық әдіс балалардың сөз материалын есте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Сонымен қатар дыбыстық және көру қабілеттері де дамиды. Мектепке дейінгілердің жас ерекшеліктеріне қараса, осындай қорытындыға келуге болады, сөйлейтін суреттерді пайдалану әңгіме құрастырғанда, өлең, логоритмикалық жаттауда жеңілдетеді және есте сақтау процесін тездетеді. Есте сақтаумен жұмыс әдістерін қалыптастырады. Есте сақтауды бекітудің ережесінің бірі былай дейді: «Жаттағанда жаз, сызба, диаграммалардың суретін сал, кестелерді сыз». Сөйлейтін суреттер, сипаттау сызбалары қызығушылық тудырады және проблеманы шешуге көмектеседі. Таңбалы рәміздер дегеніміз не? Бұл объектінің абстрактылы қорытылған немесе графикалық бейне. Графикалық аналогия – бұл солардың белгілеріне жалпы

бойынша бірнеше бейнелердің немесе бейненің жүзеге асатын рәмізбен қандай болсын таңбасы. Балабақша, балабақша қызметкерлер туралы әңгіме құрастыру білу. Сенің атың кім? Кім? Не істеді? сұрақтарына жауап беруді білу. Ойыншықтардың атауын, түсін, пішінін айта білу. Адамның дене мүшелерін атау және таныс сөздерді сөйлемде қолдану. Сонымен қатар отбасы мүшелерін, киім, аяқ-киім атауын айта білу. Сөйлеу бала үшін қарым-қатынас құралы болып табылады, оның ойлау қабілетін дамыту және мінез-құлқын реттеуде маңызды рөл атқарады. Сөйлеу қатынасы баланың білімді меңгеруіне, қажетті білік пен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Байланысты сөз ойға мағына беріп, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын және өзара түсінуін қамтамасыз етеді. Сөйлеу қызметі ойдың дамуымен қатар өрбиді. Дұрыс сөйлеуге тәрбиелеу коммуникативтік біліктілікті, тілдік (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) және тілдік емес (ым, мимика, қалып, көзқарас, іс-қимыл) құралдардың көмегімен айналадағы адамдармен қарым-қатынас жасауды реттеу қабілетін дамытуға бағытталған. Тілді дамытуда өз қатарларымен сөйлесе білудің маңызы ерекше».

4. «Мектепке дейінгі ұйымда танымдық-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы балалардың экологиялық мәдениетті қалыптастыру». Тәрбиеші Құсайнова С.Қ. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында біз алдымыздағы кішкентай бүлдіршіндердің санасына адамгершілік құндылықтарын сіңіре отырып, табиғатқа деген, айнала қоршаған әлемге деген балалардың сүйіспеншілігін оятып, аялауға тәрбиелеуіміз керек. Себебі бүгінгі таңда бүкіл адамзаттың алдында тұрған өмірлік маңызы бар ауқымды мәселелердің бірі де, бірегейі ол – табиғатты қорғау мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану. Өйткені табиғатқа жанашыр болу адамзат қоғамына, оның келешегіне жанашырлық жасау болып табылады. Бізді қоршаған әлемге қамқорлықпен қарап, оның бойындағы бар байлықты адам игілігі үшін мүмкіндігінше ұтымды пайдалану, өндіріп, өсіріп, аялап, көркейту – бүгінгі күні бүкіл адамзат қоғамының алдында тұрған ортақ міндет. Ал бұл міндетті жүзеге асыратын біздің еліміздің келешегі — жастардың еншісінде. Осы орайда педагогикалық мәселелер алғы шептен орын алады, өйткені өсіп келе жатқан балғын ұрпақ отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, мектеп қабырғасында жүріп табиғат, оның адамзат үшін пайдасы туралы, айналадағы табиғи ортаны сақтау және онымен дұрыс қарым-қатынас жасау туралы алғашқы мағлұматтарды осында алады. Сондықтан да балабақшадан бастап балаларға экологиялық тәрбие берудің маңызы зор. Себебі балғын балауса балаларды табиғатты сезініп, түсініп, қастерлей білуге үйрету экологиялық тәрбие жүргізу арқылы жүзеге асады. Қоршаған әлеммен таныстыру мектеп жасына дейінгі баланың сезіміне әсер етіп, оның тілін дамытуға жағдай жасап, айналадағы өмірді, табиғат құбылыстарын бағдарлап, бойларына сіңіруге мүмкіндік туғызады. Бұл жастағы баланың өмірдегі нақты заттар мен құбылыстар жөнінде, ол заттардың өсу, даму ерекшелігі, өзара айналасы жөнінде өздігінен ой қорытындыларын жасап, басқаларға түсіндіруге әрекеттенушілігі, көрнекті, образды ойлау қабілеттілігі басым болатыны белгілі. Мектеп жасына дейінгі баланың ойының және тілінің дамуы қоршаған ортаны табиғатты қабылдауына, бала тілінің жетілгендігі ақыл-ойдың даму нәтижесінен туындайды. Осы жастағы баланың қабылдауы, көру, есту, иіскеу, тыңдау, сезу сияқты танымдық процестер көмегімен жүзеге асады. Сондықтанда нақ осы шақта

балаға мүмкіндігінше қоршаған орта туралы мағлұматтарды тура, әрі кең мағынада беріп, табиғатты қорғау, қастерлеу сынды қабілеттерін дамыту маңыздылығы зор. Сол себепті балабақшада тіл дамыту ісін табиғатпен таныстырумен байланыстырып бақылау жұмыстарын алға қою ұсынылады. Ал бақылау негізінде балалардың топпен серуендеу, зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде жүзеге асады. Серуен арқылы балаға қоршаған орта туралы толық мағлұмат беріп, ауа-райын, табиғатты, күнді, желді, топырақты, ағаштар мен жануарларды, құстарды бақылай отырып, білімін жетілдіріп, өздері үшін көптеген жаңалықтар ашуына мүмкіндік беруге болады». Педагогтар жарыссөз арқылы өз пікірлерін білдірді.

Әдіскер:

Хатшы:



Аяшова Ж.А.

Туркестанова Ә.Қ.

№ 5 хаттамасы

15.05.2023 жыл

Қатысқандар: 22 педагог.

Күн тәртібінде:

1. Дөңгелек үстел «Жоспар бойынша жүрегізілген жұмыс нәтижесі қандай?»
2. «Туған өлкем Қазақстан», «Жеңіс күні жасасын» атты тақырыптық ертеңгіліктің қортындысы
3. Жеке балалармен жүргізілген жұмыстарының қортындысы
4. «Жазғы сауықтыру шынықтыру шараларының жоспарын жасақтау
5. «Ең үздік топ алаңы» сайсының қортындысы

Тыңдалды: әдіскер Жадыра Ахметқызы Құрметті әріптестер, осы оқу жылының қортынды әдістемелік кеңесте жыл бойы жүргізілген жұмыстар нәтижесі қандай деген дөңгелек үстелге қош келдіңіздер. Оқу жылын қортындыласақ жыл бойы жоспардағы бекітілеген іс шаралар мен байқаулар уақытылы өткізілді. Аудандық байқауларға, онлайн байрдуларна қатысып жүлделі орын алған педагогтар марапатталды. Жылымыз берекелі болды. «Туған өлкем Қазақстан», «Жеңіс күні жасасын» атты тақырыптық ертеңгіліктің қортындысы бойынша жауаптылық бекітілген педагогтар өз жұмыстарын тиынақты орындады. «Туған өлкем Қазақстан» атты альбомды Гүлдана Ұзақбайқызы жинақатап тапсырды. Жеке балалармен жүргізілген жұмыстар нәтижесі жақсы деуге болады. Бастанқы қабылданған балалармен оқу жылының қорытындысы бойынша балалардың даму деңгейі өте жақсы десек болады.

Сөйледі: дене шынықтыру нұсқаушысы Жанар Бақытқызы Жазғы сауықтыру шынықтыру шараларының жоспарын жасақтау бойынша әдістемелік нұсқаулықты пайдаланамыз. Нұсқаулықта қандай шаралар өткізу қажет екені толықтай берілген. Жас есереқшеліктерін ескеретін боламыз.

Сөйледі: әдіскер Жадыра Ахметқызы Әріптестер басышылыққа алатын құжаттарды жұмыс барысында пайдаланамыз. Ал енді «Ең үздік топ алаңы» сайсының қортындысы бойынша барлығыңыздың еңбектеріңіз ұшаң теңіз. Топтардың ойын алаңы қазақы нақышта безендірілген. Шаңырақ, кереге және кюар код арқылы кітап бұрышын жасақтаған топтор болды. Ең үздік топ деген атауды беруде бөліп жармадық. Барлықтарыңызда сол атаққа лайықты еңбек етті деп есептеймін.

Қаулы етілсін:

1. Топтарды жазғы сауықтыру шынықтыру шаралары уақытылы орындалсын.
2. Серуен кезіндегі, таза ауаданы қимылды ойындар дұрыс ұйымдастырылсын.

Жиналыс торайымы:

 Аяшова.Ж.А.

Жиналыс хатшысы:

 Ерболова.Н.Е.